

Бәйдібек ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 наурыздағы N 2/10 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 10 сәуірде N 14-5-130 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2013 жылғы 4 ақпандағы № 7 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 04.02.2013 № 7 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабы 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысымен бекітілген «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» ережесінің 2-тармағына және аудан әкімінің 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 37 мәлімдемесіне сәйкес

а у д а н д ы қ

м ә с л и х а т

Ш Е Ш Т І :

1. Бәйдібек ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына қажеттілікті ескере отырып, 2012 жылы бір маманға жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақысы және тұрғын үй сатып алу үшін бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы: Б.Қалаубай

Аудандық мәслихат хатшысы:

С.Спабеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК